

А.Х. Асенова<sup>1</sup>, А.О. Ақжігітова<sup>2\*</sup>, О. Сойлемез<sup>3</sup>, А.Б. Салқынбай<sup>4</sup><sup>1,2,4</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;  
(e-mail: [avgulassenova@gmail.com](mailto:avgulassenova@gmail.com))<sup>3</sup>Кастамону университеті, Кастамону, Түркия,  
(e-mail: [soylemezo@yahoo.com](mailto:soylemezo@yahoo.com))

## Қазақ және ноғай тілдеріндегі заттанған есімшелердің семантизациясы

Ғылыми мақалада түркі тілдерінің классификациясы негізінде батыс қыпшақ бұтағына жататын қазақ және ноғай тілдеріндегі заттанған есімшелердің семантикалық ерекшеліктері, контекстегі қолданысы қарастырылған. Аталған түркі тілдері бойынша есімшелердің заттануы, субстантивация құбылысы және олардың тілдегі көрінісі туралы ғылыми зерттеулер қамтылды. Субстантивтену құбылысындағы ең өнімді саналатын, екі тілде де кездесетін есімше жұрнақтары іріктеліп алынды. Заттанудағы есімшенің атқаратын функциясы мен өзіндік ерекшеліктері талданып, олардың қолданысы сараланды. Зерттеу нәтижелі болуы үшін көркем мәтіннен мысалдар арқылы дәлелденіп, заттанған есімшелердің семантикалық табиғаты сипатталды. Түркі тілдерінің ішінде ноғай тілі құрылымы жағынан қазақ тіліне ұқсас әрі лингвистикасы жеткілікті дәрежеде зерттеле қоймағандықтан, қазақ және ноғай тілінің деректерінің өзара салыстырылуы зерттеудің өзектілігін танытады. Қазіргі тіл білімінде заттанудың кең таралуы оның қолданыс әлеуетінің кеңдігін, тілдік тұлғаның сөздік қорға қатынасын білдіреді. Қарастырылған қос тілде де заттану предикативтік, анықтауыштық және толықтауыштық қатынаста жұмсалатыны айқындалды. Заттану немесе субстантивация — басқа сөз таптарының зат есімдер тобына ауысуы, заттық мәнді иеленуі. Заттану конверсиялық процестің бір түріне жатады. Қазақ тіл білімінде де, ноғай тіл білімінде де барлық сөз табы заттану құбылысына ұшырайды деуге болады. Себебі зат есімдердің тілдегі қызметі, лексикалық аясы өте кең болғандықтан, басқа да сөз таптары функционалды, семантикалық, коммуникативті аспектіде заттық мәнді иеленіп отырады. Тілдегі заттану құбылысының зерттеу аясы кең әрі күрделі мәселе болғандықтан, мақаламыздың тақырыбына есімшелердің заттануын ғана арқау еттік. Зерттеу барысында қазақ және ноғай тілдеріндегі есімше формаларының айырмашылықтары мен ұқсастықтарын, олардың заттануын, мағыналық ерекшеліктерін сөз еттік. Қазақ және ноғай тілдеріндегі субстантивті есімше мәселесі алғаш рет жеке талдануы әрі ұлт болмысындағы заттанудың психоллингвистикалық ерекшеліктері мен лингвомәдени деректерді қамтуы, салыстырмалы бағытта болуы, семантизациялану мәселесін қамтуы зерттеудің құндылығын көрсетеді. Ғылыми мақаланы жоғары оқу орындарындағы «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Салыстырмалы тіл білімі», «Түркі тілдері», «Қазақ тілінің семантикасы», «Қазақ тілінің сөзжасамы» курстарына материал ретінде, сондай-ақ түркі тілдеріне қызығушылық танытатын оқырмандар пайдалануына болады. Түркі тілдері сөзжасамындағы маңызы зор заттану мәселесі және оның семантикалық, коммуникативтік, функционалды аспектілерден зерттелуі әлі де болашақ ғалымдардың зерттеуін қажет етеді.

*Кілт сөздер:* қазақ тілі, ноғай тілі, есімше, субстантивтену, семантизация.

### Кіріспе

Кез келген тіл тарихи даму барысында тұтынушысы болмаса әлемдік кеңістікте құндылығын жоғалтатын сөзсіз. Түркі тілдерінің ішіндегі жойылып бара жатқан тілдердің бірі — ноғай тілі. Құрылымы жағынан қазақ тіліне өте жақын. Батыс-хун бұтағына кіретін қыпшақ тобындағы тілдердің бірі. Қазіргі лингвистика ғылымында туыс тілдерге жасалған салыстырмалы талдаулар сирек ұшырасатындықтан, мақаламызда туыс тілдер — қазақ және ноғай тілдерін ғылыми негіз ретінде алғанды жөн көрдік. Ноғай тілі Ресейдің Дағыстан, Ставрополь, Қарашай-Шеркеш, Астрахан өлкелерінде, Түркия, Қазақстан, Ауғанстан өлкелерінде қолданылады. Қолданыста үш түрлі диалектісі бар: ноғай диалектісі, ақ ноғай және қара ноғай диалектісі.

Қазақ және ноғай тіліндегі есімше мәселесі, соның ішінде заттану құбылысы салыстырмалы түрде әлі күнге дейін арнайы ғылыми зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған. Осы себепті де екі тілдегі есімше формаларының заттануын ғылыми мақала деңгейінде зерттеп көрдік.

Түркі тілдеріндегі есімшелердің сөз болуы ХІ ғасырдағы М. Қашқаридің «Түрік сөздігінен» бастау алады. «М. Қашқари өзінің кіріспе бөлімінде зерттеу еңбегін сегіз кітапқа жіктегенін, тек

\* Хат-хабарларға арналған автор. e-mail: [akkibat.kaznu@mail.ru](mailto:akkibat.kaznu@mail.ru)

қолданылатын сөздер тізбегін назарға алғанын айтады. Түрік (түркі) тілінің заңдылықтарымен араб тілінің ұстанымдарын қатар қоя отырып, түрік тілінде род категориясы жоқ екенін алғаш жазады. Сондай-ақ, өзі жіктеген әр кітабында «есімдер» мен «етістіктер» деп бөліп қарастырады. Осы тұстан ғалымның тілдегі етістіктердің рөлін, маңызын, ауқымдылығын аңғарып, терең зерттеу жүргізгеніне көз жеткіземіз. Сондықтан орта ғасырдың көрнекті өкілі, лингвист ғалым М. Қашқаридің «Сөздігінде» етістіктердің жақтары, шақтары т.б. категориялары ғылыми түрде көрініс табуы заңды» [1; 10].

Ал қазақ ғалымдарының ішінен есімшеге ғылыми анықтама беріп, терминдік атау ұсынған А. Байтұрсынұлы болатын. Ғалым: «Есім сияқты айтылатын етістіктің түрі» деп есімшеге анықтама береді [2; 56]. А. Байтұрсынұлы ұсынған «есімше» термині әлі күнге дейін қолданылып келеді. Қазақ грамматикасының қалыптасуына, дамуына үлес қосқан ғалымдар Қ. Жұбанов [3; 84], Ы. Маманов [4; 102], С. Аманжолов [5; 36], А. Ысқақов [6; 285] есімшені арнайы зерттемесе де еңбектеріне арқау еткен. Ал Т. Ерғалиев «Қазақ тіліндегі есімше категориясы» [7] тақырыбында диссертация жазса, Р. Өмірбекова есімшелердің күрделі формаларын зерттеген [8].

Ғалым А. Ысқақов есімшелерге мынадай анықтама береді: «Сонымен, көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларда түрленіп, сөйлемде барлық мүше бола алатын морфологиялық және синтаксистік сипаттары бар (бұл жағынан есімдерге ұқсас), амал-әрекеттің атауы болу, семантикасы мен шақтық ұғымды білдіру қабілеттері де бар (бұл жағынан етістіктерге ұқсас) телі формалар есімшелер категориясы деп аталады» [6; 289]. Есімшеге грамматикалық сипаты бойынша төмендегідей белгілер тән:

- 1) субъекті пен объектінің арасындағы қимылдық мәні бар;
- 2) етістік категориясына тән шақтық мәнге ие;
- 3) етістіктің болымды және болымсыз түрлеріндегі мәнді қабылдаған;
- 4) етістік категориясына тән салт және сабақты мәнге ие.

Ал субстантивтенген есімшелерге мына қасиеттер тән:

- 1) көптеледі;
- 2) тәуелденеді;
- 3) септеледі;
- 4) жіктеледі.

Есімшенің жұрнақтарын жүйелеген тұста ғалымдардың түрлі классификациясына жолығамыз. Бір ғалымдар тарихи грамматика тұрғысынан ерте ғасырлардағы есімше формалары мен қазіргі қазақ тіл білімінде қалыптасқан есімше формаларын қатар қарастырады. Ал кей ғалымдар тек қазіргі қазақ тіл біліміндегі есімше формаларымен ғана шектеледі. Дегенмен, қазақ тілінің морфологиясына келелі зерттеу еңбегін арнаған А. Ысқақов есімшелерді алдымен шақ категориясына қарай үшке бөліп, әр шаққа тән есімше жұрнақтарын жеке қарастырады. Ғалым өткен шақ есімшесіне тән мынадай жұрнақтарды көрсетеді:

- а) -ған (-ген, -қан, -кен)
- ә) -атын (-етін, -йтын, -йтін).

Ғалым, -аған, -еген қосымшаларын бұл қатарға қоспайды. Себебі бұл жұрнақтардың шақтық мәненен айырылып, сын есім тудыратын жұрнаққа айналып кеткенін (*алаған, береген, жатаған, қабаған, сүзеген, тебеген, қашаған т.б.*) айтады [6; 301].

Ғалым есімшенің осы шақ түрі де -атын (-етін, -йтын, -йтін) жұрнақтары арқылы жасалатынын айтады. Бірақ осы шақтың бұл түрі сөйлесіп отырған сәтті дәл атамайды, керісінше дағдыға, әдетке айналған іс-әрекетті атайды. Ал есімшенің келер шақ түрі -ар (-ер, -р) жұрнағы мен -мақ (-мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек) жұрнағы арқылы жасалады.

Қазақ лингвистикасының белгілі ғалымы Ы. Маманов өз еңбегінде есімшелерді сөз еткен тұста былай дейді: «Сын есімге зат есімнің көптік, тәуелдік және септік жалғаулары жалғанғанда зат есім мағынасы ауысатындығы сияқты, есімше формалары да септік, тәуелдік, көптік жалғауларын қабылдап, зат есім мағынасында жұмсалады. *Жүргенге жөргем ілінеді* (Мақал). *Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра. Бермегенді беріп ұялт. Қонарымды сай біледі, көшерімді жел біледі. Алмақтың да салмағы бар. Сиыңаныңнан сенгенің күшті болсын*». Автор бұл жерде есімшенің заттанған формаларына халық мақалдарынан мысалдар келтіреді де есімшелер сөйлемде әрі заттық, әрі атрибуттық, әрі предикаттық мағынада қолданылатынын дәлелдейді [4; 98]. Ғалым есімшелерді бес топқа жіктейді. Автор классификациясын сақтай отырып, есімше жұрнақтары мен мағыналық топтарын кесте арқылы беруді жөн көрдік (1-кесте).

**Ы. Мамановтың есімше формаларын жіктеуі**

Есімшенің мағыналық түрлері	Өткен шақ есімше	Дағдылы есімше	Болжалды есімше	Ниет есімше	Осы шақ есімше.
Есімшенің жұрнақтары	-ған/-ген, -қан/-кен	-атын/-етін, -йтын/-йтін	-ар/-ер/-р	-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек; -мақшы/-мекші, -бақшы/-бекші, -пақшы/-пекші	Тұйық етістік + -шы/-ші
Мысалдары	Алған, келген, шыққан, кеткен	Тұратын, ішетін, ойнайтын, сөйлейтін	Айтар, келер, оқыр, кетіп алар, келгісі келер	Бармақ — бармақшы, кел-мек — келмекші, жазбақ — жазбақшы, қашпақ — қашпақшы	Келуші, сөйлеуші, сыбырлаушы, жүргізуші

Ғалымдардың есімше формаларын топтастыруынан байқағанымыздай, есімшелердің ең негізгі жұрнақтарын көрсетеміз:

- 1) -ған/-ген, -қан/-кен;
- 2) -ар/-ер/-р;
- 3) -атын/-етін, -йтын/-йтін;
- 4) -ушы/-уші;
- 5) -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек;

Ноғай тілінің ерекшеліктері туралы ғылыми зерттеулер ХІХ ғасырдың басында қолға алына бастады. Лингвистикалық тұрғыдан зерттеген тілтанушылардың ішінде Н.А. Баскаков (1940), С.А. Калмыкова (1959), Е.С. Айбазова (1987), М.А. Булгарова (2000), Ю.И. Каракаев (1999), М.И. Кидирниязова (2003), Д.Х. Кадилова (2007) есімдерін атаймыз. Ноғай тілінің грамматикасы сөз болған тұста аталған ғалымдардың ішінде түркі тілдерін жіктеп, ноғай тілінің грамматикасына терең бойлаған Н. Баскаковтың «Ногайский язык и его диалекты» атты зерттеу еңбегін ерекше атап өтуге болады. Ғалым өз зерттеуінде ноғай тілінің фонетикалық, морфологиялық жүйесін, өзіндік ерекшеліктерін ғылыми түрде дәлелдеген. Ноғай тіліндегі есімшенің функциясы қазақ тіліндегі есімше функциясымен толықтай сәйкес келгенімен, олардың жұрнақтарында біршама айырмашылық бар. Н. Баскаков есімшенің төрт түрлі формасын көрсетеді: «Причастные формы или отглагольные прилагательные, слабо дифференцированные с именами действия, соответствуют русским причастным формам и имеют временное значение. К последним относятся:

а) Форма я\*он, ген; қан, кем, напр.: барған «ходивший, ездивший»; келген «пришедший»; алған «взявший», кескен «резавший» и др., т.е. в значении причастия прошедшего времени;

б) Форма на ийакъ, ийек АН; йат4 йек, аайкъ |j аджак; ейвк || еджек СН; аайкъ, ейек КН, напр.: барайакъ (барйакъ, АН(к)), «долженствующий идти»; келейек (келийек АН (к)) «долженствующий прийти» и др., т.е. в значении причастия будущего — определенного или долженствовательного времени;

в) Форма на ыр, ур, р, АН; ар, ер jj ыр, ур, р; СН, КН, АН(к), напр.: барар «предполагающий идти»; келер «предполагающий прийти», т.е. причастия будущего предположительного времени;

г) Форма на гъай, гей. напр.: келгей «да будет приближающимся», т.е. причастия будущего утвердительного», – деп есімшенің төрт түрлі формасын көрсетеді [9; 90-91]. Ноғай тіліндегі есімше формаларының кейбіреуі қазақ тіліндегі есімше формаларынан ерекшеленсе, кей формасы сәйкес келеді. Мәселен, қазақ тіліндегі есімшенің -ған, -ген формасы мен ноғай тіліндегі есімшенің -ған, -ген формасы және -ар, -ер, -р формалары бірдей екеніне көз жеткіздік. Ал ноғай тіліндегі есімшенің -айакъ, -ейек келер шақ формасы кейбір оғыз тобы тілдерінің келер шақ формасына сәйкес келеді. Ноғай тіліндегі есімшенің -ғай, -гей келер шақ формасы қазақ тілінде де бар болғанымен, қазақ тілінде бұл жұрнақ есімшелер қатарына жатқызылмайды.

Бұл туралы «Түркітануға кіріспе» еңбегінде: «Басқа түркі тілдеріне қарағанда ноғай тілінде есімше формалары сәл басқашалау түсіндіріледі. Көпшілік тілшілер есімшенің грамматикалық формасы ретінде мына қосымшаларды көрсетеді: 1) Келер шақ есімше -ар, -ер, -р, -ыр, -ир (язар, оқыр) қосымшалары арқылы жасалады. Келер шақ есімшенің болымсыз түрі -мас, -мес, -бас, -бес, -пас, -пес қосымшаларымен жасалады. Мысалы, *кoьрмес, юрмес* т.б. Қазақ тілінде -ар, -ер қосымшасы қолданылғанымен, -ыр, -ір қосымшалары есімшенің көрсеткіші ретінде қолданылмайды. Ол тек кейбір сөздердің құрамында ғана кездеседі», – дейді [10; 269].

Түрік ғалымы Д. Ергөненч ноғай тілінің грамматикасын соның ішінде фонетика, морфология, синтаксис жүйесін жан-жақты қарастырған. Етістік категориясына, формаларына және одан туындайтын мән-мағыналарына арнайы тоқталған. Мәселен, етістіктерді қимылдың жасалу уақытына қарай осы шақ (*Şimdiki zaman*), өткен шақ (*geçmiş zaman*), келер шаққа (*gelecek zaman*) жіктейді. Ғалым еңбегінде есімшелер деп арнайы топқа бөлмесе де, есімше жұрнақтарын «сипат етістіктерінің қосымшасы» (*sifat fiil eki*) деп таниды да, -ған, -ген, -қан, -кен формасын өткен шақ сипат жұрнағы (*geçmiş zaman sifat fiili*), -ар, -ер, -р формасын келер шақ сипат етістігі жұрнағы (*gelecek zaman sifat fiil eki*), -ушы формасын осы шақ сипат етістігі (*Şimdiki zaman sifat fiil eki*) ретінде көрсеткен. Ғалымның еңбегінде басқа да жұрнақтарды (қимыл есімі, көсемше) кездестіруге болады [11].

Ноғай тілі туралы зерттеулерді талдаған америкалық ғалым К. Кондилл өзінің зерттеуінде түрік ғалымдары жариялаған «*Başlangıcından günümüze kadar Türkiye dışındaki Türk edebiyatları antolojisi*» атты жинақтың зор маңызға ие екенін атап кеткен [12; 131]. Түркі дүниесі үшін маңызды бұл жинақтың жиырма бірінші тарауында ноғай тілі мен мәдениеті жайлы жан-жақты қарастырылған [13].

Зерттеудің басты мақсаты — қазақ және ноғай тілдеріндегі заттанған есімшелердің семантикалық дамуы мен қолданыс ерекшеліктерін анықтау. Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- Түркі тілдерінің қыпшақ бұтағындағы туыстас қазақ және ноғай тілдерінің ерекшеліктері;
- Қазақ және ноғай тілдеріндегі есімшенің зерттелуі;
- Қазақ және ноғай тілдеріндегі заттанған есімшелердің тарихи даму ерекшеліктерін зерттеу;
- Олардың семантикалық құрылымын салыстыру;
- Заттанған есімшелердің мәдени-әлеуметтік мәнмәтінде қолданылуын талдау.

#### *Зерттеудің деректері мен әдістері*

Ғылыми мақаланы жазуда деректердің қайнар көзі ретінде түркі тілдері соның ішінде қазақ және ноғай тілдерінің грамматикасын зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды. Ноғай тілінің есімшелерін зерттеу барысында Н. Баскаковтың еңбегі басты назарға алынды. Зерттеу барысында ғалымдардың еңбегін саралу үшін шолу әдісі, есімше формаларын көрсету мақсатында топтау, жинақтау, жүйелеу әдістері қолданылды. Сондай-ақ, заттанған есімшелерге талдау жүргізу үшін салыстырмалы-тарихи, семантикалық, лингвистикалық талдау әдістері пайдаланылды. Қазақ және ноғай тілдеріндегі заттанған есімшелердің ерекшеліктерін, әдеби мәтіндердегі қолданысын және олардың функционалдық ерекшеліктерін талдау жұмыстың негізгі әдіснамалық негізін құрайды.

#### *Нәтижелер мен талқылау*

Кез келген тілде тілдік формалардың бір-біріне ауысу, алмасу құбылыстары жүзеге асып отырады. Мұны тіл білімінде транспозиция деп атайды. Транспозицияны кең және тар мағынасында сипаттауға болады. Кең мағынасында — бір тілдік форманың екінші бір тілдік форма функциясында жұмсалыуы болса, тар мағынасында — бір сөз табындағы тілдік бірліктің екінші бір сөз табы қызметіне ауысуы, сөйлемдегі қызметін өзгертуін білдіреді. Осыған байланысты транспозиция толық (морфологиялық) және жартылай (синтаксистік) немесе семантикалық және функционалдық деп бөлінеді.

Толық транспозиция сөзжасамдық құбылыс болып саналады. Себебі сөз бір сөз табынан екіншісіне көшкендіктен жаңа мағыналы сөз қалыптасады. Кейде омоним жасаудың бір жолы деп те айтылады. Транспозицияның бес түрін атауға болады. Олар: субстантивтену, адъективтену, адвербиалдану, вербалдану және прономиналдану.

Түркі тілдерінің сөз таптарын қарастырғанда субстантивтену мәселесіне де тоқталамыз. Әрбір тілде заттанудың өзіндік ерекшеліктері бар.

Субстантивтену — (латын тілінен аударғанда «зат есім») сөз таптарының заттық мәнге айналуы. Қазақша терминдік атауы — заттану. Сын есім, сан есім, үстеу, есімше тұлғалы етістік, қимыл атауы, одағай және еліктеуіш сөздер т.б. сөйлемде заттық мән қабылдап, грамматикалық, семантикалық дәрежеде функциясының өзгеруін осы субстантивация теориясы қамтамасыз етеді.

Белгілі лингвист ғалым А.А. Потебня өз еңбегінде субстантивация құбылысының синтаксистік және семантикалық ерекшеліктерін ескере отырып, оның үш типін анықтайды: 1) толық заттанған сөздер; 2) жартылай заттанған сөздер; 3) заттық мәні бар сын есімдер [14; 45-98].

Түркітанушы ғалым А.Н. Кононов заттану құбылысы екі түрлі жолмен дамитынын айтады. Біріншісі — лексика-семантикалық, яғни белгілі бір контексте сөз заттық мәнді иеленуі арқылы заттанады да сөздің формасы өзгермейді. Ғалым окказионалды және контекстуалды заттану осы жолмен жасалатынын айтады. Ал екіншісі — морфологиялық, яғни бұл жерде аффикстердің көмегімен сөз заттық мәнге ие болады. Автор оған морфологиялық заттану деген атау береді [15; 129-130].

Профессор А. Салқынбай өз еңбегінде транспозиция құбылысының бір түрі саналатын заттану процесін екі түрлі жағдайда: 1) зат есімнің грамматикалық тұлғаларының жалғануы арқылы; 2) ешқандай грамматикалық тұлғалардың көмегінсіз-ақ бастауыштық қызметте келуі арқылы жүзеге асады деп көрсеткен [16; 197].

Жоғарыдағы ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, қазақ және ноғай тіліндегі есімшелердің атқаратын функциясы бір, бірақ кейбір жұрнақтардың формалық түрі жағынан айырмашылық бар. Түркі тілдерінде есімшелер предикаттық қызметті ғана атқарып қоймай, атрибуттық қызметті де атқарады. Түркі тілдерінде есімше формасы заттану құбылысына жиі ұшырайды. Есімшенің түркі тілдеріндегі ерекшеліктерін жан жақты қарастырған А. Мешадиева өз зерттеуінде былай дейді: «Субстантивирюясь, они выполняют функцию подлежащего, обстоятельства, дополнения, а подвергаясь предикативации — функцию сказуемого. Большинство тюркских причастий многофункциональны: выступают как в атрибутивной, так и в предикативной функциях» [17; 159].

Қазақ тіліндегі есімшенің заттану мәселесі жекелеген ғылыми еңбектерде ХІХ ғасырдың бас жағында А. Байтұрсынұлы еңбектерінен көрініс тапты. Ал қазақ тіліндегі есімшелердің заттануын негізгі объектісіне алып, зерттеу жүргізген ғалымдардың қатарында Ж. Болатовтың «Қазақ тіліндегі есімшелердің синтаксистік қызметі» [18] еңбегін, М. Матжанованың «Орыс және қазақ тіліндегі есімшелердің субстантивациясы» [19] еңбегін атаймыз. Ноғай тіліндегі есімшелердің заттануына қатысты жазылған ғылыми зерттеулер жоқ болғандықтан, есімшелердің атрибуттық қызметіне тоқталып, талдау жасаған ғалым Н. Баскаковтың еңбегіне сүйенеміз.

Ғалым М. Матжанова өз еңбегінде заттанған есімшелерді «Полная (абсолютная) субстантивация, относительно полная субстантивация, традиционная субстантивация» деп үшке бөледі. Ғалым есімше формаларының заттануына талдау жасай келе, заттану құбылысында ең өнімді жұрнақ *-ған/-ген, -қан/-кен* екенін атап өтеді [19; 24].

Ноғай тілін зерттеуші Н. Баскаков еңбегінде субстантивация құбылысына арнайы тоқталмаса да, «Все перечисленные выше причастные формы имеют общую с именами существительными и прилагательными систему словоизменения (т.е. изменяются по числам, лицам и падежам), а в некоторых случаях (и не для всех форм) и общие словообразующие аффиксы» деп пікір білдіреді. Сондай-ақ, Н. Баскаков есімшенің заттануға бейім өнімді жұрнақ ретінде *-ған/-ген, -қан/-кен* формасы екенін атайды: «Наиболее распространенной в системе словообразования производной формой является форма на *ған* с именным аффиксом обладания *лы*, т.е.» [9; 94].

Қазіргі түркі тілдерін зерттеуші ғалымдардың этимологиялық есімшелер деп танып жүрген есімше формаларын түрік ғалымдарының зерттеуінде заттануға қатысты қосымшалар ретінде бірнеше қосымшалардың берілгенін байқаймыз. Мәселен, *-di/-di, duq, -dük, -tuq, -tük, -gan/-gen, — agan/-egen, -miş, -ar, -ır, maz, -daçi* және т.б. [20; 305].

Ноғай тілінің сөзжасамдық жүйесін зерттеуші Д. Кадилова кандидаттық жұмысында сөз таптарының заттануы үшін қосымшалардың, сөзжасамдық жұрнақтардың функциясы жоғары екенін айта келе, тілдегі жұрнақтарға жан-жақты талдау жасаған [21; 11-12].

Заттанған есімшелердің семантикалық ерекшеліктері мен даму заңдылықтары тіл білімінде маңызды орын алады. Қазақ және ноғай тілдерінде заттанған есімшелердің семантикалық құрылымы мен қолданысы ұқсас болғанымен, тарихи және элеуметтік факторлар олардың мағыналық дамуына әртүрлі ықпал еткен. Есімшенің осы жұрнақтарының ішінен қазақ және ноғай тілдеріндегі заттану құбылысында ең өнімді деген *-ған/-ген, -қан/-кен; -ар/-ер/-р; -ушы/-уші* есімше тұлғаларының толық және жартылай заттануын сөз етеміз.

Қазақ тілінде есімшенің -ған/-ген, -қан/-кен формаларының толық заттануына мысал ретінде *ағарған, туған-туысқан, ағайын-туған, өткен-кеткен* сөздерін келтіре аламыз. Аталған тілдік бірліктер өзінің предикаттық мәнінен гөрі атрибуттық мәнінде жұмсалып, сөйлемде толық заттанғанын байқатты. «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» атты электрондық сөздіктен <https://qazcorpus.kz/> [22] алынған мысалдармен дәлелдесек:

«Жылы *ағарғанды* мейірі қанып іше алмай, бір-екі ұрттады да қайырып берді» (Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер»).

«Біздің елді, *туған-туысқандарымды* сұрады» (Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек»).

Діндарға туған жер де, *туысқан* халық та қымбат емес, жиған дүниесі артық (Дүкенбай Досжан «Жібек жолы»).

Жібек жолының бойында тағы бір төмпешік пайда болды. Енді қашан жел үріп, құм басып қалғанша *өткен-кеткеннің* көңілін аударып, көзін тартып жатқаны (Дүкенбай Досжан «Жібек жолы») [22].

Сондай-ақ, жалқы есімдерден де есімше формаларының толық заттанған түрін кездестіреміз. Кісі есімдерінен Нұртолған, Өтеген, Төлеген, Күнтуған т.б есімдерді мысал келтірсек, географиялық *Итөлген, Тайсойған, Биесойған, Терісаққан* т.б. атауларды айта аламыз. Жоғарыда келтірілген толық заттанған сөздер есімшенің өткен шақ формасы -ған/-ген, -қан/-кен арқылы жасалып, өз алдына лексикалық және грамматикалық жеке тұлға ретінде тәуелсіз тілдік қолданысқа ие.

Ноғай тілінде *-ған* есімше формасы заттанғанда зат есімнің жалғауларын қабылдап, меншіктік, заттық, объектілік мағынада қолданылады. Ноғай тіліндегі сөздердің толық заттану арқылы пайда болған кісі есімдерін, географиялық атауларды кездестіреміз. Заттанған атаулар өз алдына лексикалық мағына иеленіп, реестр сөз дәрежесіне жеткен. Ал контекст дәрежесінде заттанған сөздер сөйлемде заттық мән иеленіп, бастауыштың, толықтауыштың, анықтауыштың (кімнің? ненің?), кейде пысықтауыштың қызметін атқарады. Көркем әдебиет мәтінінен бірнеше мысал берсек:

Туврасы да сол, аяр *язушыдынъ*, ша-йирдинъ, шайыдединъ *язғанлары* омырлерге эстелик болып барады эм бараяк (Турасы сол әр жазушының, акынның жазғандары өмірде естелік болып қалады [23; 5].

*Ат аяған* яяв қалар — Атты аяған жаяу қалар (Ноғай мақалы)

*Шакырғанга* бар, *шакканнан* каш — Шакырғанға бар, шакканнан каш (Ноғай мақалы)

*Коп ойнаған*, бир йылар — Көп ойнаған бір жылар (Ноғай мақалы).

Ноғай тілінде де заттану процесінің нәтижесінде *-ған, -ген, -қан, -кен* жұрнағы арқылы жасалған географиялық атауларды да көптеп кездестіруге болады. Мысалы, қазақ тілінде де, ноғай тілінде де «Терісаққан» деген өзен атауы заттану нәтижесінде қалыптасқан.

*Терісаққан* — Қазақстан Республикасы, Есіл алабындағы өзен. Ақмола, Қостанай, Ұлытау облыстары жерімен ағып өтеді.

*Терсакан* — (река, текущая в обратную сторону) ручей, левый приток реки Кума. Впадает юго-западнее аула Красный Восток в Малокарачаевском районе, Карачаево-Черкесской Республики [24; 145].

Келер шақ есімшесінің болымды түрі *-ар/-ер, -р* мен болымсыз *-с* түрінің толық заттанған формасына тоқталсақ, көп жағдайда субъектінің келер шақтағы әрекетін баяндайды. Мысал ретінде *атқамінер, атшабар* тілдік бірліктерін көрсете аламыз. Сонымен қатар жақсы тілек, ниетпен қойылатын кісі аттары да мысал бола алады: *Көпжасар, Тұрар, Мыңжасар* және жануарлар аттарынан *Бөрібасар, Майбасар* т.б.

Болымсыз түрі арқылы пайда болған географиялық атаулар да баршылық. Соның ішінде Барсакелмес атауы жиі қолданылады.

«Атқамінер» сөзі екі түрлі мәнге ие. Біріншісі — ел басқарушы қызметкердің ауызекі тілдегі жалпылама атауы. Екінші мағынасы — атқа мінуді ұнататын азамат, жігіт. Екі мағынасында да ер-азаматқа байланысты айтылғанын көруге болады.

Ру басы ақсақал, *атқамінерлер* өз пайдасына бола, ру-рудың кедейлерін жауластырып, кедейді шокпар қылды (Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек») [22].

Тұрар — көбінде ер адамдарға қойылатын кісі есімі.

Сол жиналыста Тұрар Рысқұлов он адамға Еңбек Қызыл Ту орденін тапсырды (Б. Нұржекеұлы «Өзендер өрнектеген өлке») [22].

Барсакелмес — Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі аралдың атауы. Бұл атау аңызға қатысты пайда болған.

Оң қанаттан *Барсакелмес* деген аралды жайлаған жалбағай қария салауат сұрады (Дүкенбай Досжан «Жібек жолы») [22].

Бөрібасар — итке қойылатын ат.

Жаман иттің атын *Бөрібасар* қояды (Халық мәтелі).

Ноғай тіл білімінде де *-ар/-ер/-р* есімше формасы көбінде анықтауыштық қызмет атқарады: *юрер ер (жүрер жер), келер заман* және т.б. Аталған есімше формасының заттануы да жиі кездеседі. Алайда септік жалғауын не басқа да қосымшалармен бірге жасалады. Мәселен: «*Уиарымды ел билер, қонарымды ор билер — Ұиарымды ел билер, қонарымды ор билер*» — мақалынан байқауға болады.

*-ушы, -уші* — толық заттанған есімшелердің ішінде сирек қолданылатын формасы. Бұл жұрнақтар арқылы жасалған сөздер үздіксіз орындалатын әрекеттің иелеріне қатысты айтылады. Мәселен: *айтушы, тыңдаушы, беруші, жазушы, сатып алушы, сатушы* т.б.

*Айтушы* мен *тыңдаушы* көбі надан, бұл жұрттың сөз танымас бір парасы (Абай).

Түрік дегенің әрі бақташы, әрі *атты күтуші*, әрі *атты сатушы*, оған қоса әрі дәрігер, әрі мініскер (Б. Нұржекеұлы «Өзендер өрнектеген өлке») [22].

Енді жартылай заттанған есімше формаларына тоқталайық. Жартылай заттанған есімшелер тек қолданыста ғана заттық мәнді иеленеді. Бірақ жеке тұрғанда етістік қызметін атқарады.

Есімшенің *-ған/-ген/-қан/-кен* формаларының толық емес заттануында субъектінің белгілі бір қимылды өткен шақта жасағанын білдіреді. Мысалмен дәлелдесек,

*Тойда отырғандар* Қамбураға ұл бер деп құдайға құлшылық жасайды (Б. Нұржекеұлы «Өзендер өрнектеген өлке»).

Қазалы хабар алып келгендер үшеу еді (Д. Досжан «Жібек жолы»).

Екінші бөлмеде *шай ішкендер* шай ішіп жатыр (С. Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу»)

«Ойбай» деп *шошып түскендер* де, мәз боп *күлгендер* де болды (Т. Әлімқұлов «Ақбоз ат») [22].

Есімшенің *-ушы/-уші* формаларының толық емес заттануында субъектінің әрекетті тұрақты орындауын білдіреді.

Көркем әдебиет беттерінде былайша көрініс табады:

Алыс-жақын *келушілерді* етегі кең жайыпқан борпылдақ құм, төбесі сүйменнің тісі батпас қатты осынау биікте отырып қабылдау бір жайдан өте ыңғайлы («Қызыл жолбарыс» Ұзақбай Доспанбетов).

Осы көп көштің сонау күннен бергі *бастаушысы* да, ақыл-кеңес *берушісі* де өзі еді («Елім-ай» Софы Сматаев) [22].

Ноғай тілінде де *-ушы/уші* формасымен келетін заттанған есімшелер сирек кездеседі: *Межит орамда Карадав ман йолыгысады да, ога, оззи мактанмай да калмай, Асантайдынъ Боранбайга ат айдаушы болып бараятырғанын айтады* [23; 23]. Ат айдаушы — есім мағынасында *-ушы* жұрнағының жалғануымен қолданылып тұр. Бұл форма көбіне түркі тілдерінің ішіндегі қырғыз, өзбек, татар, қарайым, қарашай-балқар тілдерінде қолданылады. Қарайым тілінде *-увчу*, татар тілінде *-учу/-үче*, қырғыз тілінде *-уучу, -оочу, -чу*, қарашай-балқар тілінде *-уучу/-учу*, өзбек тілінде *-увчи* түріндегі фонетикалық варианттары субстантивтеніп түрлі сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. «-атаған, -этеген қосымшалары қазақ тіліндегі -атын, -етін қосымшаларымен тарихи жақтан тектес және мағыналары сәйкес келеді. Мысалы, Онынъ яшайтаған елине т.б. Есімшенің осы шағының қосымшасы ретінде *-аған, -еген* қосымшалары қолданылады. Бұл қосымша қазақ тілінде де бар, айырмашылығы қазақ тілінде ол — етістіктен сын есім тудыратын жұрнақ. Мысалы, қашаған, жатаған т.б. Осы шақтық есімшенің қосымшасы ретінде *-увшы, -уввши, -вшы, -вши* қосымшалары да қолданылады. Мысалы, *сойлевши, кайтувши* т.б.» [10; 263].

Мысалдардан байқағанымыздай, *-ушы/-уші* формаларын қабылдап, толық және жартылай заттанған есімшелердің ара-жігін ажырату оңай емес. Дегенмен, қазіргі тілдік қолданыста екі түрі де кездеседі. Есімшенің бұл түрінің заттануын контекст арқылы нақты анықтауға болады. Байқағанымыздай ноғай тіліндегі заттану процесі қазақ тіліне ұқсас. Бұл түркі тілдерінің өзінің түпкі негізін сақтай алғандығының көрінісі.

#### Қорытынды

Салыстырмалы талдау нәтижесінде қарастырылған екі тілде де заттану көбіне есімшенің *-ған, -ген; -ар, -ер, -р; -ушы, -уші* формалары арқылы жасалатынын байқадық. Заттану нәтижесінде пайда болған толық және жартылай заттанған сөздерге көркем әдебиет материалдарынан мысал келтірдік. Заттану процесі транспозицияның бір түрі ретінде екі тілдің де сөзжасамында өнімді тәсілдің бірі саналады. Қазақ және ноғай тілдеріндегі заттанған есімшелердің лексика-семантикалық

ерекшеліктеріне салыстырмалы түрде жасалған зерттеу нәтижелері бойынша мынадай түйін жасадық:

- Субстантивация — конверсияның бір түрі әрі екі тілдің де сөзжасам жүйесіндегі өнімді тәсіл саналады;
- Заттану процесі қарастырылған екі тілде де кеңінен таралған;
- Қазақ және ноғай тілдеріндегі заттанған есімшелердің семантикалық табиғаты, қолданысы ұқсас. Тек кейбір есімше жұрнақтарында ғана ерекшеліктер бар.
- Ноғай тіліндегі есімше мәселесі, заттану процесі әлі де ғылыми зерттеулерді қажет етеді.

Өлі тілдер санатына кірген ноғай тілінің грамматикалық жүйесі лингвистикалық ғылыми зерттеулерге сұранып тұр. Болашақ түркітанушы, тілші ғалымдар мен зерттеушілер тіл білімінің осы салаларына ғылыми талдаулар жасап, назар аударса екен дейміз.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Ақжігітова А. М. Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі есімшелердің адъективтенген, заттанған тұлғалары / А. Ақжігітова, Ж. Сәрсенбай // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2024. — № 3(148). — Б. 18–28. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-18-28>.
- 2 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы / А. Байтұрсынұлы. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 448 б.
- 3 Жубанов К. Исследования по казахскому языку / К. Жубанов. — Алматы: Ғылым, 1965. — 362 с.
- 4 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Ы. Маманов. — Алматы: Арыс, 2007. — 488 б.
- 5 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы / С. Аманжолов. — Алматы: Санат, 1994. — 320 б.
- 6 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология / А. Ысқақов. — Екінші басылым. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 282 б.
- 7 Ерғалиева Т. Қазақ тіліндегі есімше категориясы / Т. Ерғалиева. — Алматы: Рауан баспасы, 1958. — 80 б.
- 8 Өмірбекова Р.Қ. Есімшелі құрылымдардың тілдік табиғаты: монография / Р.Қ. Өмірбекова. — стер. бас. — Алматы: Қазақ университеті, 2020. — 130 б.
- 9 Баскаков Н.А. Ногайский язык и его диалекты. Грамматика, тексты и словарь: монография / Н.А. Баскаков; АН СССР, Ин-т языка и письменности. — Москва: Изд-во АН СССР, 1940. — 271 с.
- 10 Түркітануға кіріспе: оқу құралы / Ә. Қайдар, М. Оразов; жауапты ред. Ғ. Өнес. — 3-бас. — Алматы: Арыс, 2004. — 358 б.
- 11 Ergönerç Dilek. Nogay Türkçesi grameri: (Ses ve şekil bilgisi) / Dilek Ergönerç. — Ankara: Türk Dil Kurumu, 2019. — 318 s.
- 12 Condill K. The Idea of the Comprehensive Research Collection, the Perils of “Linguistic Impoverishment”, and Print Publications in the Turkic Languages of the North Caucasus, 1806-2017 (Part III) / K. Condill // Slavic and East European Information Resources. — 2019. — 20(3-4), — P. 130–161. — <https://doi.org/10.1080/15228886.2019.1694376>
- 13 Başlangıcından günümüze kadar Türkiye dışındaki Türk edebiyatları antolojisi. — Ankara: T.C. Kültür Bakanlığı, 1993–2005. As noted in Part I. — 139 s.
- 14 Потебня А.А. Из записок по русской грамматике / А.А. Потебня. — Т. I. — Харьков, 1888. — 536 с.
- 15 Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка / А.Н. Кононов. — М.–Л., 1956. — 569 с.
- 16 Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам: монография / А.Б. Салқынбай. — 2-бас. — Алматы: Қазақ университеті, 2018. — 316 б.
- 17 Мешадиева А.Э. Грамматический статус и семантика причастий в тюркских языках / А.Э. Мешадиева. — Изд-во «Шуша». — Баку, 2017. — 236 с.
- 18 Болатов Ж. Синтаксические функции причастия в казахском языке: автореф. дис. ... канд. филол. наук / Ж. Болатов. — Алма-Ата, 1955. — 36 с.
- 19 Матжанова М.А. Субстантивация причастий в русском и казахском языках: автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.02.20 / М.А. Матжанова. — Алматы, 1994. — 25 с.
- 20 Ahmet B. Çağdaş Türk Lehçeleri: Akçağ Yayınları / B. Ahmet, A. Ercan. — Türk Dili ve Dilbilimi, 2015. — 377 s.
- 21 Кадилова Д.Х. Словообразование в ногайском языке: автореф. дис. ... канд. филол. наук: спец. 10.02.02 «Языки народов Российской Федерации (тюркские языки)» / Д.Х. Кадилова. — Махачкала, 2007 — 23 с.
- 22 Қазақ тілінің ұлттық корпусы, 2010–2024 ж. — [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://qazcorpus.kz/find-author/>
- 23 Абдужалилов Ф. Доэрт топламалы шығарма / Ф. Абдужалилов / РГБУ «Карашай-Шеркеш республикалық кітап баспасы». — Черкесск, 2013. — 233 с.
- 24 Ainabek A. Effects of Language Learning Strategies on Teaching Toponyms and Folk Geography Terms in Kazakh and Nogai Languages / A. Ainabek, B. Abdualiuly, K. Molgazhdarov, B. Artymbayeva, A. Aubakirova, S. Zhuanyshpaeva // Journal of Ethnic and Cultural Studies. — 2024. — 11(2). — 140–163. <https://doi.org/10.29333/ejecs/2071>

А.Х. Асенова, А.О. Ақжігітова, О. Сойлемез, А.Б. Салкынбай

### **Семантизация субстантивированных причастий в казахском и ногайском языках**

В данной статье рассматриваются семантические особенности и контекстуальное употребление субстантивированных причастий в казахском и ногайском языках, относящихся к западнокипчакской ветви тюркских языков. В исследовании описывается процесс субстантивации причастий и его языковая реализация, а также проводится сравнительный анализ между двумя родственными языками. Были отобраны наиболее продуктивные причастные аффиксы, встречающиеся в обоих языках, а также выявлены их функциональные особенности. Результаты исследования подтверждаются примерами из художественных текстов, что позволяет подробно охарактеризовать семантическую природу субстантивированных причастий. Ногайский язык, будучи близким к казахскому по структуре, пока недостаточно изучен в лингвистическом отношении. В связи с этим сопоставление языковых данных казахского и ногайского языков подчеркивает актуальность данного исследования. Широкое распространение явления субстантивации в современном языкознании свидетельствует о высоком потенциале его употребления, а также о тесной связи языковой личности с лексическим фондом. Установлено, что в обоих языках субстантивированные причастия выполняют предикативную, атрибутивную и объектную функции. Субстантивация — это процесс перехода других частей речи в разряд существительных, приобретение ими предметного значения. Данный процесс рассматривается как разновидность конверсии. В казахском и ногайском языкознании все части речи в той или иной мере подвержены субстантивации. Это объясняется широкими функциональными, семантическими и коммуникативными возможностями существительных. В рамках данной работы объектом исследования выступает исключительно субстантивация причастий. Особое внимание уделяется как различиям, так и сходствам форм причастий в казахском и ногайском языках. В научной литературе субстантивированные причастия в казахском и ногайском языках впервые рассматриваются как самостоятельный объект исследования. Особую ценность работе придает охват психолингвистических особенностей субстантивации и лингвокультурных данных, а также сопоставительный и семантический подходы. Статья может быть использована в качестве учебного материала по дисциплинам «Историческая грамматика казахского языка», «Сравнительное языкознание», «Тюркские языки», «Семантика казахского языка», «Словообразование казахского языка» в вузах. Кроме того, она будет полезна читателям, интересующимся тюркским языкознанием. Явление субстантивации, играющее важную роль в словообразовательной системе тюркских языков, требует дальнейшего исследования с семантической, коммуникативной и функциональной точек зрения.

*Ключевые слова:* казахский язык, ногайский язык, причастие, субстантивация, семантизация.

A.Kh. Assenova, A.O. Akzhigitova, O. Soylemmez, A.B. Salkynbay

### **Semantization of Substantivized Participles in Kazakh and Nogai Languages**

This article examines the semantic features and contextual usage of substantivized participles in the Kazakh and Nogai languages, which belong to the Western Kipchak branch of the Turkic language family. The study explores the process of participial substantivization and its linguistic manifestation, offering a comparative analysis of these two closely related languages. The most productive participial affixes common to both languages were selected, and their functional roles were identified. The findings are supported by examples from literary texts, providing a detailed description of the semantic nature of substantivized participles. The Nogai language, while structurally similar to Kazakh, remains under-researched in linguistic studies. Therefore, a comparative approach involving Kazakh and Nogai language data highlights the relevance of this research. The widespread occurrence of substantivization in modern linguistics reflects its high usage potential and the strong link between the linguistic personality and the lexical system. It has been established that in both languages, substantivized participles serve predicative, attributive, and object functions. Substantivization refers to the process by which other parts of speech transition into nouns and acquire nominal meaning. This process is a type of conversion. In both Kazakh and Nogai linguistics, virtually all parts of speech are subject to substantivization due to the broad lexical scope and functional versatility of nouns. Given the complexity and scope of substantivization, this study focuses specifically on the substantivization of participles. Particular attention is paid to the similarities and differences in participial forms between the two languages. This study is the first to treat substantivized participles in Kazakh and Nogai as an independent subject of analysis. Its value lies in incorporating psycholinguistic characteristics of substantivization, as well as linguistic and cultural data, while employing a comparative and semantic approach. The article can be used as supplementary material in university-level courses such as “Historical Grammar of the Kazakh Language”, “Comparative Linguistics”, “Turkic Languages”, “Semantics of the Kazakh Language”, and “Word Formation in Kazakh”. It may also be of interest to readers and researchers focused on Turkic linguistics. Substantivization, as a signif-

icant phenomenon in Turkic word formation, continues to require further research from semantic, communicative, and functional perspectives.

*Keywords:* Kazakh language, Nogai language, participle, substantivization, semantization.

## References

- 1 Akzhigitova, A., & Sarsenbay, Zh. (2024). M. Qashqaridin «Diواني lugat-it-turk» enbegindegi esimshelerdin adieektivtengen, zattangan tulgalary [Adjectivised, substantivised forms of participles in Diواني Lughat-at-Turk by M. Kashgari]. *L.N. Gumilev atyndagy Euraziia Ultyq universitetinin Khabarshysy. Filologiya seriyasy — Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 148(3), 18–28. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-18-28> [in Kazakh].
- 2 Baitursynuly, A. (1992). *Til tagylymy [Language Studies]*. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 3 Zhubanov, K. (1965). *Issledovaniia po kazakhskomu yazyku [Research on the Kazakh Language]*. Almaty: Gylm [in Kazakh].
- 4 Mamanov, Y. (2007). *Qazaq til biliminin maseleleri [Issues of Kazakh Linguistics]*. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 5 Amanzholov, S. (1994). *Qazaq adebi tili sintaksisinin qysqasha kursy [A Brief Course on the Syntax of the Kazakh Literary Language]*. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 6 Ysqaqov, A. (1991). *Qazirgi qazaq tili. Morfologiya. Ekinshi basylym [Modern Kazakh Language. Morphology. Second Edition]*. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 7 Ergalieva, T. (1958). *Qazaq tilindegi esimshe kategoriiasy [The Category of Participles in the Kazakh Language]*. Almaty: Rauan baspasy [in Kazakh].
- 8 Omirbekova, R.Q. (2020). *Esimshe qurylymdardyn tildik tabigaty: monografiia [The Linguistic Nature of Participle Constructions: A Monograph]*. Almaty: Qazaq universiteti, Sterotipti basylym [in Kazakh].
- 9 Baskakov, N.A. (1940). *Nogaiskii yazyk i ego dialekty. Grammatika, teksty i slovar: monografiia [Nogai Language and Its Dialects. Grammar, Texts, and Dictionary: monograph]*. AN SSSR, Institut yazyka i pismennosti. Moscow Izdatelstvo Akademii Nauk SSSR [in Russian].
- 10 Kaidar, A., & Orazov, M. (2004). *Turkitanuga kirispe: oqu quraly [Introduction to Turkology]*. (3d. ed). G.Anes (Ed). Almaty: Arys [in Kazakh].
- 11 Ergöncü, D. (2019). *Nogay Türkçesi grameri: (Ses ve şekil bilgisi) [Grammar of Nogai Turkish: Phonology and Morphology]*. Ankara: Türk Dil Kurumu [in Turkish].
- 12 Condill, K. (2019). The Idea of the Comprehensive Research Collection, the Perils of «Linguistic Impoverishment» and Print Publications in the Turkic Languages of the North Caucasus, 1806-2017 (Part III). *Slavic and East European Information Resources*, 20(3-4), 130–161. <https://doi.org/10.1080/15228886.2019.1694376>
- 13 (1993–2005). *Başlangıcından günümüze kadar Türkiye dışındaki Türk edebiyatları antolojisi [An anthology of Turkic literature outside Turkey, from its beginnings to our days]*. Ankara: T.C. Kültür Bakanlığı, As noted in Part I (p. 139) [in Turkish].
- 14 Potebnia, A.A. (1888). *Iz zapiskov po russkoi grammatike [From Notes on Russian Grammar]*. Vol. I. Kharkov [in Russian].
- 15 Kononov, A.N. (1956). *Grammatika sovremennogo turetskogo literaturnogo yazyka [Grammar of Modern Turkish Literary Language]*. Moscow [in Russian].
- 16 Salkynbai, A.B. (2018). *Tarikhii sozhasam [Historical Word Formation]*. (2d ed). Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 17 Meshadieva, A.E. (2017). *Grammaticheskii status i semantika prichastii v tiurkskikh yazykakh [Grammatical Status and Semantics of Participles in Turkic Languages]*. Izdatelstvo «Shusha». Baku [in Russian].
- 18 Bolatov, Zh. (1955). Sintaksicheskie funktsii prichastii v kazakhskom yazyke [Syntactic Functions of Participles in the Kazakh Language]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Alma-Ata [in Russian].
- 19 Matzhanova, M.A. (1994). Substantivatsiia prichastii v russkom i kazakhskom yazykakh [Substantivization of Participles in Russian and Kazakh Languages]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Russian].
- 20 Ahmet, B., & Ercan, A. (2015). *Çağdaş Türk Lehçeleri [Modern Turkic Dialects]*. Akçağ Yayinlari: Türk Dili ve Dilbilimi [in Turkish].
- 21 Kadilova, D.Kh. (2007). Slovoobrazovanie v nogaiskom yazyke [Word Formation in the Nogai Language]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Makhachkala [in Russian].
- 22 Qazaq tilinin ulttyq korpusy, 2010–2024 zh. [National Corpus of the Kazakh Language, 2010–2024]. Retrieved from <https://qazcorpus.kz/find-author/>
- 23 Abduzhalilov, F. (2013). *Dort toplamaly shygarma [Four Operation Composition] / RGPU «Karashai-Sherkesh respublikalyq kitap baspasy»*. Cherkessk [in Nogai].
- 24 Ainabek, A., Abdualiuly, B., Molgazhdarov, K., Artymbayeva, B., Aubakirova, A., & Zhuanyshpaeva, S. (2024). Effects of Language Learning Strategies on Teaching Toponyms and Folk Geography Terms in Kazakh and Nogai Languages. *Journal of Ethnic and Cultural Studies*, 11(2), 140–163. <https://doi.org/10.29333/ejecs/2071>

Information about the authors

**Assenova Aigul Khaldarqyzy** — Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: [aygulassenova@gmail.com](mailto:aygulassenova@gmail.com)

**Akzhigitova Akkibat Orakbayqyzy** — Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: [akkibat.kaznu@mail.ru](mailto:akkibat.kaznu@mail.ru)

**Soylemez Orhan** — Professor, Kastamonu University, Kastamonu, Turkey; e-mail: [soylemezo@yahoo.com](mailto:soylemezo@yahoo.com)

**Salkynbay Anarkul Bekmyrzaqyzy** — Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: [asalkbek@gmail.com](mailto:asalkbek@gmail.com)

Buketov University